

ISSN 2413-4953

НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

РА Н З И Т Н А Я

ЭКОНОМИКА

В НОМЕРЕ:

4
2022

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІК:
ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ МӘНІ МЕН МЕХАНИЗМІ

КРЕДИТНЫЕ РИСКИ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
КОММЕРЧЕСКОГО БАНКА

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КАПИТАЛ НАРЫҒЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ
ЖАҒДАЙЫ, КАПИТАЛ НАРЫҒЫН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ
СТРАТЕГИЯСЫ

ТРАНЗИТНАЯ ЭКОНОМИКА

Научно-практический журнал «Транзитная экономика» является одним из ведущих периодических научных изданий Республики Казахстан в области экономических наук, издается с июля 1997 года, имеет свою стабильную аудиторию.

На страницах журнала Вы найдете широкий спектр различных мнений и полезную информацию по вопросам экономической политики, разработки экономического механизма индустриально-инновационного развития Казахстана, проблемам развития отдельных отраслей и сфер экономики.

Публикации журнала ориентированы на специалистов и аналитиков республиканских и региональных органов управления, государственного сектора экономики, крупных народнохозяйственных структур, высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов, студентов, магистрантов, докторантов и круг читателей, проявляющих профессиональный интерес к проблемам социально-экономического развития. В редакционный совет входят ведущие ученые-экономисты Казахстана, ближнего и дальнего зарубежья.

Периодичность выхода журнала – один раз в 3 месяца.

Подписку на журнал можно оформить во всех почтовых отделениях «Казпочта», в подписных агентствах «Казпочта», «Евразия-Пресс», «Эврика-Пресс».

Индекс подписки 75781. Подписная цена на год для физических и юридических лиц – 11 200 тенге.

Издатель ИП «ХАНШАЙЫМ»: ИИН 721019401132

ИИК KZ44998СТВ0000997662, КБЕ 19

АО «Jusan Bank», БИК банка: TSESKZKA

БИН банка: 930741000122

Условия подписки и размещение статьи

Обращаться в редакцию по адресу:

050000, г. Алматы, ул. Толе би, 278

Сайт: www.tranzit-as.kz, <http://tranzit-as.lms.kz/>

E-mail: tranzit_ek@mail.ru, aijan1910@mail.ru

Телефоны: 8 (747) 373 93 26, моб. 8 (701) 373 93 26

ISSN 2413-4953

Научно-практический
журнал
«Транзитная экономика»

Издается с июля
1997 года

Учредитель:
ИП «Ханшайым»

Главный редактор
Айжан Асилова

Редакционная коллегия:

Узан Искаков

(Казахстан)

Мурат Алиев (Казахстан)

Асан Сатмурзаев (Казахстан)

Жангельды Шимшиков
(Казахстан)

Салима Барышева (Казахстан)

Данагуль Тлеужанова
(Казахстан)

Назгуль Сырлыбаева
(Казахстан)

Райгүл Досжан (Казахстан)

Лейла Гамидуллаева
(Россия)

Ричард Пукала (Польша)

Журнал
зарегистрирован
в Министерстве
связи и информации
Республики Казахстан

Свидетельство
№ 14503-Ж

СОДЕРЖАНИЕ

ВОПРОСЫ ТЕОРИИ

Жандерке С.Н.

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін талдауда аналитикалық рәсімдердің маңыздылығы.....

4

Нурғалиева А.Ж., Қиқымбаев А.Ж.

Қазақстанның капитал нарығының ағымдағы жағдайы, капитал нарығын модернизациялау стратегиясы.....

11

Асилова А.С., Марат Т.Қ.

Блокчейн технологиясы: пайда болуы, пайдалану ерекшеліктері және реттеу мәселесі

21

Айғалин А.А., Тастулеков С.Б.

Кредитные риски в деятельности коммерческого банка.....

32

ГЛОБАЛЬНАЯ И РЕГИОНАЛЬНАЯ
ИНТЕГРАЦИЯ

Оралбаева Ж.З., Султанова М.Ш.

Коммерциялық банктерде бухгалтерлік есепті ұйымдастыру ерекшеліктері.....

40

Раимкулова А. Актуальные вопросы налогового учета НДС.....

47

Иманбай И.Ә., Оразалинова М.Н.

Повышения конкурентоспособности предприятий на рынке.....

52

МАКРОЭКОНОМИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА

За содержание публикуемых в журнале авторских материалов и рекламы редакция ответственности не несет.

Мнение автора не всегда совпадает с мнением редакции

Подписной индекс
75781

Формат 70×108 1/16.
Бумага офсетная
Печать Riso
Тираж 500 экз.
Цена договорная

050000, г. Алматы,
ул. Толе би, 278

Тел.: 8 (747) 373 93 26,
8 (701) 373 93 26

<http://tranzit-as.lms.kz/>
tranzit_ek@mail.ru,
aijan1910@mail..ru

Отпечатано в
издательском
центре журнала
«Транзитная экономика»

©Транзитная экономика
2022

Череп А.Г., Сопина А.Е., Олейникова Л.Г.
Влияние недостаточной социальной защищенности на распределение доходов между украинцами..... 57

Момынкулова С.М., Абуталипова Ж.А., Жалмагамбетов Д.Д., Снигирев И.
Возможности и угрозы для развития электронной коммерции в Казахстане..... 65

Дауылбаев К.Б., Махмеджанова Л.Н., Абуова М.Қ.
Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамудың диспропорцияларын бағалау..... 71

ИНСТИТУТЫ И ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ

Султанова Г.М.
Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік: қызмет студің мәні мен механизмі..... 79

Нургалиева Г.К., Сыздыкова Г.С.
Зарубежный опыт венчурного финансирования: урок для Казахстана..... 93

Daulbayev K.B., Makhmedzhanova L.N., Abuova M.K.
Socio-Economic development of the Regions of the Republic of Kazakhstan by the method of selective Regional Policy..... 101

Билан Е., Пралиева С.Ж.
Отандық сактандыру нарығы: теория және тәжірибелік ерекшеліктері..... 109

Жорабаева Ж.К.
Заманауи қаржыгер мәртебесі..... 117

Сведения об авторах..... 119

Информация о членах редакционной коллегии 121

Требования к содержанию и оформлению статей 122

ВОПРОСЫ ТЕОРИИ

ХҒТАР 06.81.30
ӘОЖ 336.64

С.Н. Жандерке, магистрант
«Нархоз» университеті, Алматы қ., Қазақстан

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУДА АНАЛИТИКАЛЫҚ РӘСІМДЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйіндеме. Мақалада кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың аналитикалық рәсімдердің маңыздылығы келтіріліген. Сонымен қатар, кәсіпорынның қаржылық есептілігін пайдалана отырып, жүргізілген талдаулардың арқасында ұйым жайлы қорытындылар айтылады. Оған қоса, кәсіпорынның болашақтағы қызметіне қатысты ұсыныстар берілетін болады. Ол үшін мақалада алдымен аналитикалық рәсімдердің реті мен маңыздылығы көрсетіліп, кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін бағалаудың қажетті аналитикалық процедурасы туралы ұйымның қызметіне алдын ала шолу жасаудың маңыздылығы айтылады. Жалпы кәсіпорынның талдауы және қаржы-шаруашылық қызметінің талдауы баланс арқылы жасалады. Баланстың актив және пассив бөлімдерінің көрсеткіштеріне тігінен, көлденең талдау жасалынады. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін алдын ала талдау кезінде талдаушылар қаржылық есеп берудегі ең проблемалық баптарды анықтайды. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың аналитикалық рәсімдері кәсіпорынның қаржылық есептілігіндегі көрсеткіштерді қолдана отырып, түрлі коэффициенттерді анықтап, ұйымның қаржы-шаруашылық қызметі жайлы қорытындыны жасап, кәсіпорын үшін тиімді шешімдер қабылдануына мүмкіндігін береді. Осылайша талданған қаржы-шаруашылық қызметтің арқасында кәсіпорынның тиімді жұмысы, қаржылық ресурстарды ұтымды пайдалануы жайлы айтуға болады. Сонымен қатар, кірістері мен шығыстарын талдай отырып, пайданың үлесі жылдармен салыстырғанда қаншалықты өзгергенін де көрсетуге болады.

Түйінді сөздер: қаржы-шаруашылық қызмет, экспресс-талдау, талдау, аналитикалық рәсімдер, қаржылық жағдай.

Кіріспе. Кез келген кәсіпорынның тиімді жұмысы үшін оның қызметінің экспресс-талдауын және қаржы-шаруашылық қызметіне жалпы талдауды жүргізіп отырған маңызды болып табылады. Қаржы-шаруашылық қызметті талдаудың аналитикалық рәсімдерін нақты ұстану арқылы кәсіпорынның қазіргі жағдайын сипаттау барынша дұрыс шығады және де болашағын болжамдау оңайға соғады.

Талданып отырған кәсіпорынның коэффициенттерін және басқа нәтижелерді түсіндіруден тұратын талдаудың ең маңызды кезеңіне көшпес бұрын, экономикалық көрсеткіштердің белгіленген топтары ұйым қызметінің түрлі аспектілерін сипаттайтынын есте ұстаған жөн. Көрсеткіштер арасында байланыс пен өзара тәуелділік болады. Осылайша, ұйымның төлемқабілеттілігін арттыруға күш салғанда, бұл оның қызметінің табыстылығына әсер етуі мүмкін екенін білу керек. Табыстылықты арттыру, өз кезегінде, кәсіпкерлік белсенділіктің немесе капитал құрылымының, төлем қабілеттілігінің және т.б. барлығын бір уақытта оң әсермен өзгерту өте қиын.

Сараптамалық бөлім. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі жайлы экспресс қорытындыны қалыптастыру кезінде экспресс-талдаудың кезеңдерінде алынған нәтижелерге қосымша бейресми аналитикалық тәсілдер мен әдістерді қолдануға болады, мысалы: тұтынылатын ресурстар мен өндірілген өнімге баға деңгейін салыстырмалы бағалау, бизнеске салық жүктемесін талдау, ұйымның бағалауын талдау, Бостон тобының әдісі бойынша ұйымды бағалау.

Тұтынылатын ресурстар мен шығарылатын өнімге бағаның деңгейін салыстырмалы түрде бағалау әдісі шикізат пен ресурстарды сатып алу бағасы мен өткізу бағасының арақатынасының әсері тұрғысынан шаруашылықты басқарудың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Өнімді өндіруге кеткен ресурстардың бағасымен салыстырғанда өнімнің бағасы неғұрлым жоғары болған сайын, кәсіпорын үшін соғұрлым көп пайда алып келеді және тиімді болады. Осы мақсатта орташа жалақыны орташа салалық деңгеймен салыстыруға болады. Шикізат пен материалдардың бағасын орташа нарықтық бағамен, несиенің сыйақы мөлшерлемесін пайыздық мқлшерлеменің орташа нарықтық деңгеймен салыстыруға болады. Өндірілетін өнімнің бағасын талдау кәсіпорынның нарықтағы жағдайын бағалауға мүмкіндік береді.

Егер өнім бағасының өсу қарқыны инфляция қарқынынан және тұтынылатын ресурстар бағасының өсу қарқынынан асып кетсе, онда бұл нарықтық позиясы күшті, тиімді басқарылатын ұйымның белігісі ретінде саралауға болады.

Кәсіпорынның бизнесіне салық ауыртпалығын талдау осы фактордың бизнестің тиімділігіне әсерін бағалауға, салық заңнамасын жетілдіру арқылы экономиканың басым салаларындағы кәсіпорындарды қолдау шараларын әзірлеуге, ұйымның есеп беру сапасын бағалауға және т.б. мүмкіндігін береді.

Кәсіпкерлікке салық жүктемесін бағалау үшін салыстырмалы көсеткіштер қолданылады:

- салық төлемдерінің сатудан түскен түсімге қатынасы және басқа кірістер мен шығыстардың балансы ретінде ұйымның жалпы табысына салық ауыртпалығы;
- еңбекақыға салық ауыртпалығы;
- ұйымның ағымдағы қызметі бойынша жалпы төлемдеріндегі салық төлемдерінің үлесі.

Қысқаша айтқанда, саладағы және салыстырмалы шеңбердегі аймақтағы кәсіпорындардың ұқсас көрсеткіштерімен салыстыру

жүргізіледі және бизнеске төмендейтін, тұрақты немесе прогрессивті салық жүктемесі туралы қорытынды жасалады.

Экспресс-талдау шеңберінде кәсіпорынның «бағалауын» талдау мультипликаторлық көрсеткіштерді есептеу негізінде жүзеге асырылады: ұйымның таза активтері мен кірісінің немесе қаржылық нәтижелерінің құнының арақатынасы немесе ақша ағыны және оларды салалық орташа көрсеткішпен салыстыру керек.

Егер ұйымның өнімділігі орташа салалық деңгейден төмен болса, онда ұйым төмен бағаланбаған болып саналады және керісінше жағдай орын алады. Кейбір жағдайларда қарама-қайшы нәтижелер алынады. Мысалы, коэффициенттердің біріне сәйкес, көбінесе «таза активтер / кіріс» ұйым төмен бағаланады, ал екіншісіне сәйкес, мысалы, «таза активтер / кіріс» ұйым артық бағаланады. Мұндай жағдайларда неғұрлым объективті көрсеткіш ретінде «таза активтер / түсім көрсеткішін» пайдалану орынды деп саналады.

Бостон тобының әдістемесі бойынша ұйымды бағалау әдістемесі кірістілік көрсеткіштері мен сатудан түскен кірістің өсу қарқынының үйлесімі негізінде барлық ұйымдарды төрт топқа бөлуді қамтиды (1-кесте).

Кесте 1 – Бостон тобының әдістемесі бойынша ұйымды бағалау әдістемесі

Ұйымның типі	Көрсеткіш және критерийлер
«Жұлдыздар»	Меншікті капиталдың жоғары табыстылығы және сатудан түскен кірістің күшті өсуі
«Сиырлар»	Меншікті капиталдың жоғары рентабельділігі және сатудан түскен кірістің төмен өсуі
«Жылқылар»	Меншікті капиталдың төмен кірістілігі және сатудан түскен кірістің күшті өсуі
«Иттер»	Меншікті капиталдың төмен кірістілігі және сатудан түскен кірістің төмен өсуі
Ескерту – әдебиеті негізінде автормен құрастырылған	

Берілген кестеден Бостон тобының әдістемесі бойынша ұйымды бағалау әдістемесі кірістілік көрсеткіштері мен сатудан түскен кірістің өсу қарқынының үйлесімі негізінде барлық ұйымдарды төрт топқа бөлуді қамтитынын көруге болады.

Көрсеткіштерді бағалау үшін олардың мәндерін салалық орташа деректерімен салыстыру пайдаланылады. Талданатын ұйымды төрт топтың біріне жатқызу нәтижелері бойынша алдыңғы бизнес-зерттеу барысында алынған деректер нақтыланады: «Жұлдыздар» санатына жатқызылған ұйымдар қорытындыда оң рейтингтерге баса назар аударуды есептейді.

Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін бағалаудың қажетті аналитикалық процедурасы ұйымның айналысатын қызметіне алдын ала шолу болып табылады. Процедура әдетте екі немесе үш қадамда орындалады:

- кәсіпорынның төлқұжатын ресімдеу;

– қаржылық есептілікке шолу және оны оқуға ыңғайлы етіп көрсету;

– қаржылық-шаруашылық қызметтің жалпы сипаттамасында берілген нәтижелерді түсіндіру.

Таңдалынып алынған кәсіпорынның төлқұжатын ресімдеуде кәсіпорынның толық атауын, нақты мекен-жайын, ұйымдастыру-құқықтық формасын, меншікті капиталының мөлшері, негізгі құрылтайшыларын, еншілес кәсіпорынның бар-жоғы, кәсіпорынның орташа қызметкерлер саны, қызметтің негізгі бағыты, негізгі бәсекелестер, жеке меншік жердің бар-жоғы және тағы да басқалары қарастырылады.

Келесі кезекте кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне жалпы сипаттама беріледі. Ұйым айналысатын қызметтің қай салаға жататындығы, Қазақстанда сол саланың маңыздылығы қаралады. Жылына қанша өнім өндіретіні, қанша қызмет көрсеткені, қанша тауар сатқанына талдау жасалынады. Кәсіпорынның қызметкерлермен арақатынасы, технологиялық циклінің сипаттамасы, кәсіпорынды басқау органдарының құрылымы сипатталады.

Кәсіпорынның жалпы талдауы және қаржы-шаруашылық қызметінің талдауы баланс арқылы жасалады. Баланстың актив және пассив бөлімдерінің көрсеткіштеріне тігінен, көлденең талдау жасалынады.

Баланстың есеп беру кезеңіндегі қанағаттанарлықсыз көрсеткіштерін сипаттайтын немесе үрдіске айналған қызметтегі белгілі бір кемшіліктерді көрсететін проблемалық баланс баптары бөлектелінеді.

Баланс валютасының динамикасын ерекше бағалау керек. Баланстың өсімі экономикалық қызмет көлемінің кеңеюін көрсетеді, дегенмен өсу себептері трлі болуы мүмкін: негізгі қорларды қайта бағалау, инфляция, дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысу шарттарының артуы.

Баланс валютасының төмендеуі іскерлік белсенділіктің төмендеуін көрсетеді, бұл өнімге тиімді сұраныстың төмендеуіне байланысты болуы мүмкін: шикізат, материалдар, энергия тасымалдаушылар нарықтарына қол жеткізуді шектеу, еншілес және тәуелді компаниялардың шаруашылық айналымына қосу.

Нәтижелер мен талқылаулар. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін алдын ала талдау кезінде талдаушылар қаржылық есеп берудегі ең проблемалық баптарды анықтайды. Бұл ретте баланстық валюта кәсіпорынның мүлкіне тек шамамен экономикалық баға беретінін есте ұстаған жөн, себебі бұл бағалау бухгалтерлік есепте қабылданған ресми процедуралар арқылы жүзеге асады. Нақты нарықтық бағалау мүліктің сәйкес объектілеріне нарықтық сұранысты зерттеу арқылы ғана мүмкін болады. Тіпті тікелей сатуға арналған осындай босалқылардың құны бірнеше себптер бойынша ықтимал сату бағасынан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін:

– қорларды есептен шығару кезіндегі кәсіпорынның есеп саясатының ерекшеліктері: қорлардың әрбір бірлігінің өзіндік құны бойынша есептен шығару, орташа құны, ФИФО;

– қоймаларда қорларды сақтау мерзімдері;

– баланста қорларды сату бағасы бойынша емес, нақты өзіндік құны бойынша есепке алу ережелері.

Кәсіпорынның жарқын болашағы үшін жасалынып отыру қажет экспресс-талдау мен қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың маңыздылығы жоғары екенін байқауға болады. Осыған сәйкес, ұйымдардың тиімді жұмысы үшін келесі бағыттарды ұсынуға болады:

- қаржы бөлімін ашу;
- қаржы директорының болуы;
- қаржы менеджерін жалдау;
- қаржы-шаруашылық қызметке талдауды ұдайы жүргізу;
- қаржылық сауаттылықты арттыру;
- ұсыныстар мен іс-шараларды бекітіп отыру;
- қаржылық жағдайды объективті бағалау.

Бірақ қаржылық жағдайды объективті бағалау мақсатында бірнеше есепті кезеңдердегі баланс валютасында жылжымайтын мүлік құнының өзгерістерін сатудан түскен түсімдегі өзгерістермен және сатудан түскен пайдамен салыстырған жөн. Ол үшін өсу коэффициенттері деп аталатын үш коэффициент есептеледі. Біріншісі мүліктің өсу коэффициентін табу формуласы келесідей:

$$K_{\text{мв}} = \frac{(HK_{\text{т}} - HK_{\text{ш}})}{HK_{\text{кс}}} \quad (1)$$

мұндағы, $HK_{\text{т}}$ – кезеңде түскен негізгі құрал құны;

$HK_{\text{ш}}$ – есепті кезеңде шығып қалған негізгі құралдың құны;

$HK_{\text{кс}}$ – есепті кезеңнің соңында қалған негізгі құралдың құны.

Екінші көрсеткіш кірістердің өсу қарқынын қаржылық нәтиже туралы есептің көрсеткіштерін пайдалана отырып анықтауға болады.

$$K_{\text{кө}} = \frac{(K_{\text{ек}} - K_{\text{өк}})}{K_{\text{өк}}} \quad (2)$$

мұндағы, $K_{\text{ек}}$ – есепті кезеңнің кірісі;

$K_{\text{өк}}$ – өткен есепті кезеңнің кірісі.

Пайданың өсу қарқынын анықтау формуласы:

$$K_{\text{пө}} = \frac{(P_{\text{ек}} - P_{\text{өк}})}{P_{\text{өк}}} \quad (3)$$

мұндағы, $P_{\text{ек}}$ – есепті кезеңнің пайдасы;

$P_{\text{өк}}$ – өткен есепті кезеңнің пайдасы.

Егер $K_{\text{кө}}$ және $K_{\text{пө}}$ мәндері $K_{\text{мв}}$ мәнінен жоғары болса, бұл өткен кезеңмен салыстырғанда кәсіпорынның экономикалық ресурстарын ұтымды пайдаланатынын көрсетеді.

Кәсіпорынның дамуындағы ұзақ мерзімді тенденцияларды анықтауға мүмкіндік беретін бірнеше жыл бойына есеп беруден басқа объективті талдау және дәлелді қорытындылар үшін тиімділік көрсеткіштерін орташа салалық деректермен немесе бәсекелестердің нәтижелерімен салыстыру

қажет. Өндірістік және іскерлік белсенділіктің салыстырмалы масштабын ескеру қажет.

Қорытынды. Кәсіпорынның қызметіне экспресс-талдау мен қаржы-шаруашылық қызметіне талдаудың аналитикалық рәсімдері сол ұйымның іскерлік белсенділігі, төлем қабілеттілігі, қаржылық тұрақтылығы үшін маңызды екенін атап өткен жөн. Белгіленген аналитикалық рәсімдерді орындау арқылы кәсіпорын жайлы толық және нақты түсініктер мен сипаттамалар қалыптасады. Сол арқылы компанияның директоры немесе қаржы директоры шешімдер қабылдай алады. Қаржылық қызметке талдау жүргізу барысында түрлі коэффициенттер анықталады және олардың әрқайсысы кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсы сипаттап бере алады. Сондықтан да, әр кәсіпорынның өзінің бекіткен аналитикалық рәсімдері немесе халықаралық деңгейде қолданылып жүрген аналитикалық рәсімдерді орындау арқылы компания өзінің ұзақ мерзімге қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ете алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бережная Е.В., Бережной В.И., Багдай О.Б. Кәсіпорынның қаржылық қызметін басқару. – Мәскеу, Инфра-М, 2020. – 205 б.
2. Жапаров Т.К., Жахеева М.Б., Коденко В.Д. Кәсіпорынның қаржылық есептілігін талдау. Оқу әдістемесі. – Қостанай: Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», 2019. – 156 б.
3. Казакова Н.А. Аналитикалық рәсімдер: аудитте және шаруашылық қызметті бағалауда пайдаланудың тәжірибесі. – Вестник финансового университета. Том 21, – 2017. № 2. – 113-120 б.
4. Кисничян М.Б., Казакова Н.А. Өндірістік компанияның кәсіпкерлік тәуекелдеріне экспресс-талдау және бағалау – Учет. Анализ. Аудит. – 2015. № 3. – 61-66 б.
5. Гумарова, Г.Б. Бизнесі қаржылық экспресс-бағалау мен диагностикалаудың аналитикалық рәсімдері. – Казань, Молодой ученый, 2022. – 37-42 б. – URL: <https://moluch.ru/conf/stud/archive/448/17242/>

С.Н. Жандерке, магистрант
Университет «Нархоз», г. Алматы, Казахстан

Важность аналитических процедур для анализа финансово-хозяйственной деятельности предприятия

Аннотация. В статье представлены аналитические методики анализа финансово-хозяйственной деятельности предприятия. Кроме того, выводы об организации даются благодаря анализу, проведённому с использованием финансовой отчётности предприятия. Вдобавок к этому, будут даны рекомендации относительно будущей деятельности предприятия. Для этого в статье сначала показаны последовательность и важность аналитических процедур, а также значение предварительного рассмотрения деятельности организации по

поводу необходимой аналитической процедуры для оценки финансово-хозяйственной деятельности предприятия. Анализ предприятия в целом и анализ финансово-хозяйственной деятельности производится с помощью бухгалтерского баланса. Производится вертикальный и горизонтальный анализ показателей разделов активов и пассивов бухгалтерского баланса. В ходе предварительного анализа финансово-хозяйственной деятельности компании аналитики выявляют наиболее проблемные пункты финансовой отчётности. Аналитические процедуры анализа финансово-хозяйственной деятельности предприятия, используя показатели бухгалтерской отчётности предприятия, определяют различные коэффициенты, делают вывод о финансово-хозяйственной деятельности организации, позволяют принимать эффективные решения для предприятия. Благодаря анализируемой таким образом финансово-хозяйственной деятельности можно говорить об эффективной работе предприятия и рациональном использовании финансовых ресурсов. Кроме того, анализируя доходы и расходы, можно показать, насколько изменилась доля прибыли за прошедшие годы.

Ключевые слова: финансово-хозяйственная деятельность, экспресс-анализ, анализ, аналитические процедуры, финансовое положение.

S.N. Zhanderke, undergraduate
Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

The importance of analytical procedures for the analysis of the financial and economic activities of the enterprise

Abstract. The article presents analytical methods for analyzing the financial and economic activities of an enterprise. In addition, conclusions about the organization are given thanks to the analyzes carried out using the financial statements of the enterprise. In addition, recommendations will be given regarding the future activities of the enterprise. To do this, the article first shows the sequence and importance of analytical procedures, as well as the importance of a preliminary review of the organization's activities regarding the necessary analytical procedure for assessing the financial and economic activities of the enterprise. The analysis of the enterprise as a whole and the analysis of financial and economic activities is carried out using the balance sheet. A vertical and horizontal analysis of the indicators of the sections of assets and liabilities of the balance sheet is carried out. In the course of a preliminary analysis of the financial and economic activities of the company, analysts identify the most problematic items in the financial statements. Analytical procedures for analyzing the financial and economic activities of the enterprise, using the indicators of the financial statements of the enterprise, determine various coefficients, draw a conclusion about the financial and economic activities of the organization, and allow making effective decisions for the enterprise. Thanks to the financial and economic activity analyzed in this way, we can talk about the efficient operation of the enterprise and the rational use of financial resources. In addition, by analyzing income and expenses, it is possible to show how much the share of profit has changed over the past years.

Keywords: financial and economic activity, express analysis, analysis, analytical procedures, financial position.

А.М. Нурғалиева¹, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

А.Ж. Қиқымбаев², магистрант

^{1,2} әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КАПИТАЛ НАРЫҒЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ, КАПИТАЛ НАРЫҒЫН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ СТРАТЕГИЯСЫ

Түйіндеме. Бұл мақалада әлемдік капитал нарығы, оның формалары мен негізгі компоненттері қарастырылды, сонымен қатар әлемдік капитал нарығында кездесетін негізгі проблемалар және оның даму тенденциялары көрсетілген. Капитал нарығының экономиканың дамуымен жүйелі байланысы қарастырылған және капитал нарығының ел экономикасының нақты секторымен интеграциялық қатынастарын нығайту бойынша ұсыныстар тұжырымдалған. Сондай-ақ қазіргі капитал нарығы мен экономиканы модернизациялар қажеттіліктері зерттелген. Капитал нарығының экономиканы дамытуға қабілеттігін (ресурстар бөлігінде де, қаржы нарығының құрылымын, нарық институттарының жай-күйін қанағаттандыру бөлігінде де) нақтылайтын фактілер, сондай-ақ капитал нарығы институттарының халық шаруашылығын жаңғыртуды инвестициялауға қажеттілігі қарастырылды. Қазақстандағы капитал нарығының ағымдағы жағдайы статистикалық деректер негізінде көрсетілген және еліміздегі капитал нарығын дамыту мақсатында жүзеге асырылған шаралар, елімізге тартылған инвестициялар қарастырылған. Қазақстан капиталы нарықтары мен халықаралық қаржы нарықтарының өзара іс-қимылы мәселелері қаралды. Институционалдық инвесторлар үшін Қазақстанның инвестициялық тартымдылығына сипаттама берілді. Дүниежүзілік капитал нарығында орын алып отырған негізгі проблемалар, әлемдік қоғамдастықта қалыптасқан күрделі саяси және экономикалық жағдайға байланысты капиталды әкелу мен шығарудың оң және теріс салдары көрсетілген. Сондай-ақ шетелдік инвестиция ағынының үрдістері, салалық және аймақтық контексте инвесторларды тартудың перспективалық бағыттары қарастырылады.

Түйінді сөздер: экономика, капитал, банк, акция, несиелеу, инвестиция, стратегия.

Кіріспе. Соңғы жылдары капитал нарығы белсенді дамып келеді, оның банктік несиелеумен қатар бизнес үшін қаржы ресурстарының көзі ретіндегі рөлі артуда. 2022 жылы сыртқы факторлардың әсерінен бағалы қағаздар нарығы қысқарған болатын. Бизнес үшін қарыздық және үлестік қаржыландыру көзі ретінде капитал нарығын қалпына келтіруді қамтамасыз ету маңызды. Шетелдік инвесторлардың кетуі және елдің ішкі ресурстарға сүйену жағдайында инвестициялық ресурстарды бірінші кезекте қазақстандық экономиканы трансформациялауға, өмір сүру сапасын жақсартуға үлес қосатын жобалар мен компанияларды

қаржыландыруға бағыттау үшін жағдайлар мен ынталандырулар жасау қажет. Тиісті ақпараттық және білім беру қолдауымен бұл отандық жеке инвестордың капитал нарығына деген қызығушылығын қалпына келтіруге ықпал етуі мүмкін. Бұл ретте капитал нарығында жеке инвестордың құқықтарын қорғау, оның ішінде біліктілігі төмен инвесторлар үшін тәуекелдерді шектеу принципті маңызға ие. Сондықтан біліктілігі жоқ инвесторларға бағалы қағаздарды сату кезінде белгіленетін қолданыстағы және әзірленетін талаптар мен шектеулерді ескеру қажет. Капитал нарығының жұмысы үшін оған деген сенімді қалпына келтіру үлкен маңызға ие, оған бұғатталған активтер мәселесін шешу ықпал етеді. Бұл ретте капитал нарығын толыққанды дамыту үшін бағалы қағаздарға сұраныс туғызатын инвестордың қызығушылығы ғана емес, сонымен қатар компаниялардың бағалы қағаздар нарығы құралдарының көмегімен қаржыландыруды тартуға дайындығы да маңызды.

Дамыған және дамушы елдердің экономикалық саясатының айқындаушы факторлары тұрақты даму және жаһандық бәсекеге қабілеттілік болып табылады. Заманауи экономикалық дамудың негізгі міндеті – жаһандық бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру үшін экономикалық өсудің жаңа моделін құру арқылы ұзақ мерзімді макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету. Осыған байланысты инвестициялық капиталды экономика саласынан неғұрлым талап етілетін және инновациялыққа тиімді тартуды, шоғырландыруды, бөлуді және қайта бөлуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы мемлекеттік экономикалық саясатының мақсаты тиімді жұмыс істейтін қаржы нарығын құру болып табылады. Осы мақсаттың индикативтік бағасы Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің рейтингіндегі позицияларды жақсарту және әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіру болып табылады.

Бұл мақсаттарға қол жеткізу экономикалық өсу факторы ретінде экономиканың нақты секторы мен қаржылық делдалдықтың дамыған жүйесінің тығыз өзара іс-қимылы жағдайында экономикалық агенттердің уақытша бос қаржы қаражатын шоғырландырудың және оларды ұзақ мерзімді қаржы ресурстарына айналдырудың нәтижесі болып табылатын инновациялар арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі жағдайда капитал нарығының экономикалық даму процесін инвестициялық қолдаудың динамикалық және жаһандық тетігі ретіндегі рөлі едәуір артып отыр. Капиталды ұзақ мерзімді инвестицияларға айналдыру қабілеті оның институттары мен инфрақұрылымының даму деңгейіне, нарық тереңдігінің көрсеткіші мен макроэкономикалық тұрақтылыққа байланысты.

Сараптамалық бөлім. Қазақстанның қаржы секторы күрделі экономикалық жағдайда жұмыс істейді, оның дамуы бірқатар негізгі проблемалармен қатар жүреді, олардың көпшілігі ұзаққа созылады. Бұл ретте әлсіз қаржы жүйесі макроэкономикалық жағдайлардың нашарлауына тез жауап бере алмайды. Тәжірибеде және бірқатар зерттеулермен дәлелденгендей, тұрақты макроэкономикалық орта өнімділікті арттырудың қажетті шарты болып табылады. Тұрақсыз инфляциямен байланысты болашақ экономикалық перспективаларға қатысты белгісіздік және мемлекеттік қаржының тұрақтылығына күмән

немесе қаржылық дағдарыстардан туындаған құлдырау инвестициялардың қысқаруына әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайларда шаруашылық субъектілері негізінен ішкі қаржыландыру көздеріне сүйенуге мәжбүр. Кез келген елде капиталдың терең нарығының болуы ЖІӨ-нің жылдам өсуіне ықпал етеді, жылына 1,5-2%-ға және инвестициялық сапаны айтарлықтай жақсартады [1].

Қазақстан экономикасының тұрақты өсуінің негізгі тежеуші факторы қаржы ресурстарына қолжетімділік болып табылады. Мысалы, сарапшылардың бағалауына сәйкес, кәсіпорындардың 90 пайыздан астамының банктерде шоттары бар және Қазақстан экономикасына банк жүйесінің өнуінің жоғары деңгейіне қарамастан, олардың тек 19 пайызы ғана несиеленуге қол жеткізіп отыр. Бұл ретте экономикалық агенттердің орта мерзімді кезеңде капиталға деген жиынтық қажеттілігі 100 млрд доллар деңгейінде бағаланады. Қаржы ресурстарына қолжетімділікті жақсарту мәселесін шешу мақсатында Қазақстан үкіметі қаржылық делдалдық жүйесінің институционалдық құрылымын дамыту, банк жүйесін жетілдіру және шоғырландыру, қадағалау, реттеу және пруденциалдық реттеу стандарттарын арттыру бойынша шаралар қабылдауда. Бұл ретте несиелендіру бойынша шектеулер сақталуда, бұл жинақтарды инвестицияға айналдыру бойынша банк жүйесінің функционалдық рөлін орындауға теріс әсер етеді. Қаржы ресурстарына қол жеткізудің қосымша арнасы бола отырып, қор нарығы да даму сатысында. Сауда көлемі мен құрылымы капитал нарығының көлемі экономиканың көлеміне сәйкес келмейтінін көрсетеді, ал эмитенттердің төмен белсенділігі ұзақ мерзімді қаржыландыруды тарту үшін қаржылық құралдарды пайдалану тәжірибесі мен білімінің жоқтығын көрсетеді. Осылайша, қазіргі кезеңде қаржылық қызметтер нарығын ырықтандыру, қаржы нарығындағы бәсекелестікті күшейту, ішкі нарықты капиталдың әкелілуінен қорғау, интернационалдандыру процестерін дамыту, миноритарлық акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау жүйесін нығайту, макроэкономикалық теңгерімсіздіктерді еңсеру, қаржылық технологияларды белсенді енгізу арқылы Қазақстанның капитал нарығын жаңғырту өзекті міндет болып табылады. Капитал нарығының рөлі борыштық және үлестік қаржы құралдары арқылы кіріс немесе басқа да пайда алу мақсатында жинақтарды (ақша қаражатын және мемлекеттік немесе жеке капиталдың өзге де активтерін) әртүрлі салалардың кәсіпорындарына, кәсіпкерлік жобаларға, қаржы құралдарына, инновациялық жобаларға ұзақ мерзімді инвестицияларға трансформациялау процесін ұйымдастыруда көрінеді. Капитал нарығын мемлекет те, корпорациялар да инвесторлардың кең ауқымына меншікті капиталды ұсыну механизмі арқылы мемлекеттік мүлікті жекешелендіру мақсатында пайдалана алады. Қолжетімділік, тереңдік, тиімділік және тұрақтылық көрсеткіштері бөлінісінде капитал нарығы индикаторларының жүйесі оның даму дәрежесін бағалауға және мемлекеттік саясаттың басымдықтарын айқындауға мүмкіндік береді [2].

Нәтижелер мен талқылаулар. 2020 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша әлемдік капитал нарығы келесі көрсеткіштерді көрсетті: нарықтық капиталдандыру – 85,118 трлн АҚШ доллары; акциялармен сауда көлемі – 8,56 трлн доллар; биржада тіркелген компаниялар саны –

54242; сауда операцияларының саны – тәулігіне 2,66 млн; инвестиция көлемі 61,136 млрд долларды құрайды. Экономикасы дамыған елдер мен халықаралық қаржы орталықтары әлемдік жүйеге барынша интеграцияланған. 2019 жылғы деректер бойынша жетекші елдердің жиынтық инвестициялық активтері мен міндеттемелерінің көлемі олардың ЖІӨ-нен айтарлықтай асып түскен болатын: АҚШ – \$51630 млрд (Ұлттық ЖІӨ-нің 208%), Люксембург – \$21468 млрд (ЖІӨ-нің 36 101%), Ұлыбритания - \$ 21069 млрд (ЖІӨ-нің 801%), Нидерланды – \$16015 млрд (ЖІӨ-нің 2077%) және Германия \$14681 млрд (ЖІӨ-нің 424%). Алайда дамушы елдер жаһандық қаржымен байланысты болып келеді. Олардың шетелдік инвестициялық активтердің жалпы көлеміндегі үлесі соңғы онжылдықта 8%-тен 14%-ке дейін өсті.

Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстан Республикасының жинақталған шетелдік инвестицияларының көлемі 320 миллиард АҚШ долларын құрап, орташа әлемдік деңгейден айтарлықтай асып түсті. ТМД елдері арасында бұл көрсеткіш бойынша Қазақстанның үлесі 20%-ға жуық, ал теңізге шыға алмайтын елдер арасында 40%-дан астамы мемлекеттің табысты сыртқы экономикалық саясатының нәтижесі және инвестицияға деген жоғары сұраныстың көрсеткіші болып табылады. Алайда экономиканың трансформациясы мен тұрақты дамуы инвестицияға деген жоғары қажеттілікті тудырады. Мысалы, 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» бағдарламасын қаржыландыру 16 миллиард доллардан асады немесе осы кезеңдегі негізгі капиталға салынған жалпы инвестицияның 15 пайызынан астамын құрайды. Халықаралық қаржы институттары қаражаты есебінен бірлесіп қаржыландырудың индикативті көлемі 8,97 млрд доллар деңгейінде күтілуде. Екінші бесжылдықтың инновациялық-индустриялық даму мемлекеттік бағдарламасының жобаларын іске асыруға қажетті инвестициялардың жалпы көлемі 52 млрд АҚШ доллары деңгейінде болжануда, қолда бар ресурстар 38-44 млрд АҚШ долларын құрайды. Индустрияландырудың басым секторларын қаржыландыру тапшылығы 6-14 млрд АҚШ доллары деңгейінде бағалануда.

Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша ұлттық валютамен өлшенетін ЖІӨ-ге қатысты инвестициялардың жалпы көлемі Беларусьте, Қазақстанда, Ресейде 20-30% деңгейінде тұрақсыз динамикаға ие, ал әлемдік орташа көрсеткіш шамамен 23% құрайды. Осы индикаторды млрд АҚШ долларымен өлшеу ұлттық валюталардың девальвация факторларын болдырмауға және Қазақстан мен Ресей үшін өлшем Беларусь үшін 33-тен 20%-ға дейін күрт төмендеген кезде 15-18% диапазонында болады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіш Азияның дамушы елдері үшін ЖІӨ-нің 40%-дан астамын (мысалы, Өзбекстан, Сингапур, Корея), ал әлемнің дамушы экономикалары үшін орта есеппен 32%-дан астамын құрайды. Осылайша, Беларусь, Ресей және Қазақстан экономика-ларын қайта құрылымдауды жеделдету үшін ЖІӨ-нің индикативті 40% мөлшерінде негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі нақты ағымдағы мәндерден 2-2,5 есе жоғары болуы керек. Бұл ретте мемлекеттік қаржы саясатының маңызды элементтерінің бірі капитал нарығының институционалдық инфрақұрылымын дамыту болып табылады. Қор биржасының даму дәрежесі немесе капиталдың өтімділігін және тиімді аллокациясын қамтамасыз ететін капитал нарығының институционалдық

инфрақұрылымының элементтері ретінде халықаралық қаржы орталығының болуы мемлекеттік саясаттың табыстылығының индикаторлары болып табылады [3].

Қазіргі уақытта әлемде Дүниежүзілік қор биржалары федерациясының деректері бойынша 137 қор биржалары бар, олардың ішінде федерацияның құрамына 79 биржа кіреді: Азия және Океания – 21, Америка – 14, Еуропа, Орта Шығыс және Африка – 44, жалпы көлемі 76,7 трлн АҚШ долларын құрайды. Әлемнің 10 ірі қор биржаларының капиталдандыруының жиынтық мөлшері 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 57,4 трлн АҚШ доллары немесе капиталдандырудың жалпы көлемінің 75% деңгейінде бағаланды. Жаһандық көшбасшылар – АҚШ қор биржалары: капиталдандыру мөлшері 20,7 трлн доллар болатын Нью-Йорк қор биржасы мен NASDAQ шамамен 10,0 трлн доллар, бұл жаһандық акциялар нарығының 40% құрайды. Үшінші орынды Жапонияның қор биржасы сақтап отыр. 4, 5 және 8 орындар Қытайдың қор биржаларына тиесілі, Үндістанның қор биржасы ондыққа кіреді. Лондон қор биржасы (LSE), Еуропалық қор биржалары консорциумы (Euronext) және Азия өңірінің биржалары: Қытай мен Үндістан арасында жоғары қарқынмен өсіп келе жатқан жоғары бәсекелестік байқалады, бұл да аймақтық капиталдандыру құрылымын көрсетеді [4].

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы 2019-2020 жылдарға арналған есепке сәйкес Қазақстан Республикасы 2015 жылғы деңгеймен салыстырғанда 17 позицияға төмен түсіп, 140 елдің ішінде 59-шы орында тұр. Қазақстан Ұлттық Банкі жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты орташа қатаң саясат ретінде сипатталды. Оны іске асырудың трансмиссиялық тетігінің негізгі арнасы экономиканың нақты секторы үшін ақша ресурстары құнының номиналды пайыздық ставкаларының оң мөлшері арқылы екі деңгейлі міндетті шешуді және сонымен бірге банк секторының өтімділігін шектеуді қамтамасыз ететін пайыздық арна болып табылады. Осылайша, ақша-кредит саясаты баға мен қаржылық тұрақтылық арасындағы тәуекелдер теңгерімін қамтамасыз етуге бағытталған. Жылдық инфляция жоспарлы 2020-2021 жылдарға белгіленген 4-6% деңгейден жоғары. 2020 жылдың маусым айында жылдық инфляция 7%-ды құрады. Инфляциялық процестер Қазақстандағы және сауда серіктестері – елдеріндегі карантиндік шаралардың әсерінен, сондай-ақ теңгенің құнсыздануы мен оның ішкі бағаларға ауысуымен қалыптасты. 2020 жылы Ұлттық банктің болжамы бойынша инфляциялық процестердің одан әрі өсуі күтілуде. Қазақстан экономикасы дамуының қазіргі кезеңінде қызметтің стратегиялық бағыты ұзақ мерзімді кезеңде орнықты дамуға қол жеткізу үшін экономикалық жүйенің барлық элементтерін трансформациялау және жаңғырту болып табылады. Бұл Даму стратегиясы қаржыландыру көздерін, ең алдымен ішкі қаржыландыру көздерін толық жинақтауды талап етеді. Елдің қаржы жүйесі уақытша бос ақша қаражатын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаражаттардан тарту, шоғырландыру, трансформациялау, тұрақты өсуді қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бір мезгілде әртараптандыру кезінде оларды экономика секторлары арасында қайта бөлу жолымен қаржылық делдалдық функциясын іске асыруды тиімді қамтамасыз етуі тиіс. Әмбебап интеграцияланған биржалық алаң – Қазақстан банкаралық

валюта биржасы 1993 жылғы 17 қарашада минералдық ресурстардың экспортын қамтамасыз ету үшін шетел валюталарының нарықтық бағамын қалыптастыру құралы ретінде құрылды. Өзінің дамуының 25 жылында биржа шағын және орта капитализацияланған Акционерлік қоғамдар үшін баламалы биржа алаңын қалыптастыруды қоса алғанда, ақша және валюта нарықтарына, бағалы қағаздар нарығына қызмет көрсететін әмбебап сауда алаңына айналды. 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығын 40 брокер және дилер, 9 кастодиан, 19 инвестициялық портфельді басқарушы, 2 трансфер-агент, 1 Сауда-саттықты ұйымдастырушы (Қазақстан қор биржасы), сондай-ақ «бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ, «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ ұсынған болатын. Нарықтардың құрылымына мыналар кіреді: ақша нарығы, валюта нарығы, бағалы қағаздар нарығы. Қазақстан қор биржасында сауда-саттықтың негізгі көлемі ақша және валюта нарығының операцияларымен қамтамасыз етіледі, олар шамамен 90%-ды құрайды және нарық конъюнктурасына байланысты көлемде өзгеріп отырады. Бағалы қағаздар нарығы операцияларының үлесі 5%-дан аспайды. 2020 жылы бағалы қағаздар нарығындағы сауда көлемі: корпоративтік облигациялар – 2 309,4 млрд теңге, мемлекеттік бағалы қағаздар – 1 644,8 млрд теңге, акциялар – 539,8 млрд теңге, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары (Халықаралық қаржы корпорациясы) – 101 млрд теңге, инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары – 0,4 млрд теңгені құрады. KASE индексі Қазақстанның қор нарығының даму серпінін көрсетеді, өкілдік тізімге кіретін акциялардың нарықтық бағасының еркін айналыстағы акцияларды капиталдандыру бойынша мөлшерленген осы тізімдегі акциялардың бағаларына қатынасы ретінде есептеледі және ұлттық валютадағы активтердің тартымдылығының біріктірілген көрсеткіші болып табылады. 2020 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша индекс 2 400 тармақты құрады. Индекстің өкілеттілік тізіміне 7 қазақстандық компанияның (ЦентрКредит Банкі, Халық банкі, KAZMinerals, Kcell, KEGOC, Қазақтелеком, КазТрансОйл) акциялары кіреді [5].

2021 жылы Қазақстанның экономикасы тұрақты дамудың серпінді траекториясына шықты. Жыл қорытындысы бойынша ЖІӨ өсуі 4%-ті көрсетті. Негізгі фактор – нақты сектор (3,5%). Қызмет көрсету саласы да 3,9% оң серпін байқатты. Ақпарат және байланыс саласы – 13%, сауда – 9,2%, құрылыс – 7,6%, өңдеуші өнеркәсіп – 5,5%, электрмен жабдықтау – 4,8% өсу қарқынын көрсетті. Бұл ретте, негізгі капиталға салынған инвестиция 2021 жылы 3,5%-ке өсті. Сыртқы сауда айналымы 100 млрд АҚШ долл. асып, 17,4%-ке ұлғайды. 2021 жылғы қорытынды бойынша, Қазақстандағы инфляция деңгейі 8,4%. Ағымдағы жылы бюджетаралық қатынастардағы жаңа тәсілдерді ескере отырып, келесі үшжылдықтағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заң жобаларын әзірлеу міндеті тұр. Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру шеңберінде блок бюджетінің элементтерін енгізу бойынша бюджет заңнамасына түзетулер топтамасы дайындалуда. ҰЭМ басшысының айтуынша, бизнеске әкімшілік жүктемені азайту бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2022 жылы кәсіпкерлік саласындағы Міндетті талаптардың тізілімін енгізу, мемлекеттік бақылау жүйесін автоматтандыруды

қамтамасыз ету жоспарлануда. Мемлекеттік бақылаудың жаңа нысаны бойынша, тексерулерден профилактикалық іс-шараларға көшу көзделеді. Инвестициялық саясат бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. 2022 жылғы мақсат – ЖІӨ-нің 18,5% деңгейіне қол жеткізе отырып, негізгі капиталға 19,5 трлн теңге инвестиция тарту болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттің экономикаға артық қатысуын азайту бағыты жалғастырылуда. Жекешелендірудің 2025 жылға дейінгі кешенді жоспары 721 мемлекеттік кәсіпорынды қамтиды. Өткен жылғы қорытынды бойынша жоспар 35%-ке орындалды. Осылайша, бүгінгі күні мемлекеттің экономикаға қатысу үлесі 14,6%-ке дейін қысқарды [6].

Капитал нарығын жаңғырту мақсатында 2015 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру туралы шешім қабылданды. Бұл бастаманың стратегиялық мақсаты – Қазақстанның әлемдік қаржы нарықтарына интеграциялану, толыққанды әртараптандырылған қаржы жүйесін құру және болашақта бүкіл Орталық Азия өңірі үшін қаржы хабын құру үшін қаржылық инфрақұрылымының өзегін қалыптастыру. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Қазақстанның капитал нарығы қалыптасу мен дамудың бастапқы кезеңін аяқтағаны, нормативтік және реттеуші база құрылғаны, жаһандық және ұлттық капитал нарықтарында акцияларды бастапқы жария орналастыру тәжірибесі алынғаны анықталды. Алайда, экономиканы несиелеу деңгейінің төмендеуінде көрінетін банк саласындағы сандық компрессия процестері, сондай-ақ қаржыландыру көздерінде белгілі бір теңгерімсіздіктердің болуы экономикалық дамуды қаржыландыру тетігін сәтті іске асыру үшін капитал нарықтарын дамыту қажеттілігін анықтайды. Осылайша, өтімді және теңгерімді капитал нарығын дамыту экономикалық даму стратегиясындағы басым міндеттердің бірі болып табылады, бұл банк жүйесіне маңызды балама құруға және нарық қатысушылары мен ұлттық экономикалардың қажеттіліктері үшін ел мен аймақтың бос ақша ресурстарын жұмылдыруға мүмкіндік береді [7].

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2022 жылдың қаңтар-тамызында негізгі капиталға инвестициялар көлемі 8,2 трлн теңгені құрады, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,7%-ға артық. Ақшаның көп бөлігі өнеркәсіп салаларына – 4,1 трлн теңге, жылжымайтын мүлікпен операциялар – 1,7 трлн теңге, көлік және қоймалау – 774,6 млрд теңге түсті. Бұл ретте, негізгі қаражат шағын кәсіпорындарға салынған қаржы – 4,3 трлн теңге. Ірі кәсіпорындарға 3,5 трлн теңге, ал орташа кәсіпорындарға – 413,7 млрд теңгені құрады.

Егер өңірлерге бөлуді қарастыратын болсақ, онда негізгі капиталға салынатын салымдардың өсуі республиканың 15 өңірінде байқалды. Ең үлкен өсім Шымкент пен Алматыда байқалды (тиісінше 31,1% және 23,4%). Бұл ретте төмендеу республиканың бес өңірінде тіркелді: Жамбыл (1%-ға), Қарағанды (1,2%-ға), Атырау (4,5%-ға), Абай (6,7%-ға), Ұлытау (34,8%-ға) облыстарында [8].

Капитал нарығын дамытудың практикалық құралы, стратегиялары:

Дамудың бастапқы деңгейі. Бірінші кезеңде нарықты дамыту міндетін мемлекет ұлттық және мемлекеттік ақшаны басқару тәжірибесін өзгерту арқылы шешеді. Жинақ тиімді түрде инвестицияға айналуы керек.

Жинақталған және уақытша бос ақша қаражаты ішкі де, сыртқы да, жеке де, корпоративтік, жеке, мемлекеттік, ұлттық, өңірлік, халықаралық, жаһандық ағындар капитал нарығының инфрақұрылымы арқылы бағытталуға тиіс. Нарыққа қатысушылар үшін ынталандырушы импульстарды, әдетте, жеңілдікті салық салу жүйелері арқылы жүзеге асыру болып табылады. Мысалы, Қазақстан үшін мемлекеттік және квазимемлекеттік қорлардың қаражаты: Қазақстанның Ұлттық қоры, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат Қоры, «Бәйтерек» қоры, ұлттық инвестициялық корпорация, Бірыңғай Ұлттық Зейнетақы Қоры активтері, Ұлттық банк пен мемлекеттік бюджет қаражаты қазақстандық қор нарығының өтімділігін ұлғайту көзі бола алады.

Нарық дамуының орташа деңгейі. Салықтық және салықтық емес ынталандырулардың мөлшерленген саясаты арқылы сақтандыру, инвестициялық, лизингтік компанияларды қоса алғанда, мемлекеттік меншік үлесі бар және мемлекеттік үлесі жоқ акционерлік қоғамдар, бірлескен кәсіпорындар, банктер және банк консорциумдары есебінен нарыққа қатысушылар санын кеңейту. Шетелдік қор биржаларынан ұлттық компаниялардың акциялары мен депозитарлық қолхаттарының делистингі процесін жандандыру, сондай-ақ ірі инвесторлардың активтерін тарту үшін Private Banking және WealthManagement институтын дамыту, ЕАЭО елдерінің бірыңғай қаржы нарығын құру, қос листинг және IPO-ның Ұлттық алаңдағы міндеттілігі, брокерлер мен дилерлердің тіркелуін өзара тану нарыққа қатысушылар мен құралдарының санын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Нарық дамуының жоғары деңгейі жаһандық инвестициялық банктердің, интегративті бірлестіктер банктерінің, жаһандық институционалдық инвесторлар мен қорлардың (инвестициялық, өзара, хедж) қатысуы есебінен қол жеткізіледі. Институционалдық инвесторлар ұзақ инвестициялық іргелі талдау негізінде қалыптасқан активтің әділ құны туралы сенімді пікір қалыптастыра отырып, меншікті де, клиенттік активтерді де кәсіби басқаратын бағалы қағаздар нарығының ең ірі кәсіби қатысушылары болып табылады [9]

Қорытынды. Қазақстан Республикасын дамытудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жиынтығында инвестициялық капиталды экономиканың неғұрлым талап етілетін және инновациялық салаларына тез әрі тиімді тартуды, жинақтауды, бөлуді және қайта бөлуді қамтамасыз етуге тиіс қаржы институттары мен қаржы нарықтарының құрамында қаржы секторы толыққанды дамыған жағдайда мүмкін болады. Бұл міндет күрделі экономикалық көп факторлы процестерді сауатты басқаруды талап етеді, оларды дұрыс бағалау басқарушылық шешімдер қабылдауда және экономикалық және қаржылық саясатты әзірлеуде қиындық тудырады.

2025 жылға қарай Қазақстан халқының жалпы жинақтары шамамен 55 млрд АҚШ долларын құрайды, егер оларды қазақстандық капитал нарығына қайта бағыттайтын болсақ, бұл өтімділіктің жақсы көзі бола алады. Бүгінгі таңда бөлшек инвесторлар қор нарығына үлкен қызығушылық танытуда. Бағалы қағаздарға инвестиция салу ел халқы үшін бос қаражатты салудың балама түрі бола алады. Жыл басынан бері ҚР Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде жеке тұлғалар ашқан

шоттар саны 6,9%-ға, 125,8 мыңға дейін өсті. Мысалы, 2020 жылғы маусымда «Қазатомөнеркәсіп» акцияларын қайталама орналастыру кезінде бөлшек инвесторлар тарапынан сұраныс 2019 жылы компанияның SPO кезінде болғанмен салыстырғанда 5 есе өсті.

Жалпы алғанда, 2025 жылға дейінгі кезеңде экономиканың нақты және мемлекеттік секторлары компанияларының борыштық және Акционерлік капиталдарын орналастыру есебінен капитал нарығына 351 млрд АҚШ долларын тарту әлеуеті бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Fixed Income, Derivatives, and Alternative Investments / CFA. – Milwaukee: Kaplan University, 2017. – Book 5. – 237 p.
2. Статистика Лондонской фондовой биржи. – Режим доступа: <http://www.londonstockexchange.com/statistics/home/statistics.htm>
3. Торговая информация /Казахстанская фондовая биржа // http://kase.kz/ru/#trade_info_period
4. Монетарная политика / Национальный Банк РК.
5. Ничкасова Ю.О. Глобальные тенденции рынка IPO и современная практика привлечения капитала на примере казахстанских компаний // Матер. междунар. науч.-практ. конф. «Экономика и управление XXI века». – Гродно, 2018. – С. 263-268
6. Nychkasova Y. Current trends of Global Market IPO and their impact on the institutional structure of the Kazakhstan's stock market // Optimum. EconomicStudies. – 2018. – № 97. – P. 74-89.
7. The World Bank Groups Support to Capital Market Development: main report / International Bank of Reconstruction and Development; The World Bank. – Washington, 2019. – 309 p.
8. <https://lsm.kz/investicii-v-osnovnoj-kapital-kazahstana-rastuy>
9. Адамбекова А.А. Взаимодействие секторов финансового рынка Казахстана и их регулирование: учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2018.

А.М. Нургалиева¹, кандидат экономических наук, и.о. доцента

А.Ж. Кикымбаев², магистрант

^{1, 2} Казахский Национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

Текущее состояние рынка капитала Казахстана, стратегия модернизации рынка капитала

